

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Қорытынды дәріс





Мақсаты: әдебиет теориясының тарихы мен басты ағым-әдістері туралы қысқа да нұсқа ақпарат беру.

Кілт сөздер: сөз өнері, әдебиет теориясы, ағымдар, ғылыми үрдістер.

Міне, біз Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» деп аталатын кітабына сүйене отырып жасаған дәрісіміздің соңғы аялдамасына табан тіредік. Дәрісте өздеріңіз куә болғандай, қазіргі әдебиеттану ғылымындағы маңызды тақырыптар мен мәселелерді қаузадық. Кейбір тақырыптарды қазақ әдебиетімен салыстыра, салғастыра отырып ашып беруге тырыстық. Соңғы дәрісіміз осыған дейінгі дәрістереріміздің бәріне шолу жасап, ең тұщымды тұжырымдарын ортаға салуға арналып отыр.

Әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны деп аталатын басты үш арнадан тұратын әдебиеттану ғылымының тарихы ежелгі дәуірлерге барып тірелетінін айттық. Эллада эстетикасының өкілдерінен бастап кейінгі орта ғасырлардағы шығыстық ғұламалардың әдебиеттің табиғаты турасындағы айтқан пікір-көзқарастары әлі де болса өз маңыздылығын жойған жоқ. Әсіресе, Батыс өркениетінің өкілдері, еуропалық ғалымдардың көркем әдеби сын мен эстетикалық ой-пікірлердің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

Орта ғасырлардағы ойшылдардың еңбектерін есепке алмағанда, ХХ ғасырға дейін әдеби теориялық тұжырымдар Шоқан Уәлихановтың жазбаларында, Абай Құнанбайұлының кейбір өлеңдерінде көрініс тапты. Ал 1926 жылы Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» деп аталатын алғаш теориялық еңбегі жарыққа шықты. Әсіресе, Мағжан Жұмабаевтың «Алқасы» әдеби дамудың бағытын анықтау мәселесінде ерекше маңызды болды. Ал кеңестік жүйе орнағаннан кейін әдебиетте де, әдебиет туралы ғылымда да таптық көзқарас үстем болып, социалистік реализм басымдыққа ие болды.

ХХ ғасырдың басында әдебиеттану ғылымының сахнасына формалистер шықты. Ресейлік теоретик-формалистер форманы мазмұннан бөлек, жеке дара дербес өмір сүреді деген тұжырымды алға тартты. Олар баяндау жүйесін де, поэтикалық әдебиетті де қатар зерделеді. Поэзияда олар конструктивті құрал ретінде эйфонияларға баса мән берді. Сондай-ақ ұқсас сөздер мен сөз тіркестерінің және өзара үйлесімді өлең тармақтарының қалайша бірігіп, поэзиялық туындыға айналу үдерісін де қоса қарастырды.

Әдебиеттану ғылымын дұрыс түсінуіміз үшін біз поэтиканың табиғатын дұрыс түсініп алуымыз керек. Поэтика әдеби шығарманың эстетикалық қуатын, оның көркемдік мәнін – жалпы туындының құндылығын айқындап береді. Ол макропоэтика, микропоэтика және тарихи поэтика деген салаларға бөлінеді. Мұның әрқайсысы туралы толыққанды ақпарат алу үшін төртінші дәрісімізді қайта қараңыз.

Бесінші дәрісте сіздер структурализм деп аталатын ғылыми саланың табиғатын таныдыңыздар. «Структуралистік поэтиканың негізгі ұстанымы көркем мәтін бірлігінің жүйелілігі болды. Жүйелілік дегенде ең бастысы оның құрылымдық деңгейінің баспалдағына баса назар аударылды. Әуелгіде структуралды лингвистикадан бастау алған бұл тұжырымның негізгі ұстанымдары структуралистік поэтика басшылыққа алған кезеңдерде генеративті лингвистика тұрғысынан қайта қаралды. Бұл зерттеу тәсілінің құрылымдық деңгейінің жүйесі төмендегідей болды: фоника, метрика, грамматика, синтаксис, семантика (жалпылай алғанда мәтіннің мәні). Бұл жүйе бойынша структуралистер көбіне лирикалық өлеңдерді талдауды басты негіз етіп алды. Ал егер прозалық шығармалар талданған жағдайда фоника, метрикалардың орнын – туындының фабуласы мен сюжеті ондағы уақыт пен кеңістік басады».

Лингвистика мен әдебиеттану ғылымдарының өзара байланысының күшті екені бесенеден белгілі. Бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын құстың қос қанатындай салалардың арасындағы қатынасты біз алтыншы дәрісімізде сарапқа салған болатынбыз. Әдебиетсіз тілдің, тілсіз әдебиеттің күні қараң екенін аталмыш дәрісімізде жан-жақты қарастырдық.

Шығарманың баяндау жүйесі қашанда назар аудартып келген. Әсіресе бұл мәселе соңғы ширек ғасырда айрықша көңіл аудартып, көптеген ғылыми ізденістерге жол ашқанын жақсы білесіздер. Тұтастай алғанда, нарратология – баяндау жүйесін зерделейтін ғылыми пән. Кейде әңгімелеу және сюжет деген сөздердің орнына қолданылады. Бұл тек әдебиеттанушы ғалымдар үшін ғана емес, тұтас гуманитарлық ғылым салалары үшін маңызды пән болып табылады. Әдебиеттану



ғылымынан бөлек, әсіресе, тарих, мәдениеттану, философия, психология, лингвистика сынды ғылым салалары үшін аталмыш пән маңызды. Өйткені тарихшылар баяндау жүйесі арқылы тарихи шындыққа біршама жақындап, оның ақиқатын ашуға бет бұрса, мәдениеттанушылар сол арқылы әңгімелеушінің, қала берді тұтас қауым елдің мәдени болмысын тануы мүмкін. Көркем әдеби мәтіннің сюжеттік ерекшелігін, дискурс табиғатын және фабулалық даралығын тануымыз үшін де біз оның баяндау жүйесіне, нарратологиялық сипатына баса мән беруге тиіспіз.

Қазіргі әдебиеттің теориясын танып білу үшін феноменологиялық теорияны ұғынудың артықшылығы көп. Феноменология – сана туралы ғылым. Сананың табиғатына үңіліп, түсіну процесінің сырына қанығуды көздейді. Көркем шығарма өз ішіне толған мән-мағыналарды эстетикалық нысан болып саналады. Онда сананың феномені бар. Әдеби туынды сананың және оның нақты әрекетінің жемісі болып табылады. Басқаша айтсақ, шығарма жай нәрсе емес, ол индивидуалды санада туған субъективті феноменді танытады және мұнсыз ешқандай шындық шынайы болып есептелмейді. Көркем шығарманы субъективті сананың жемісі ретінде қарастыратын феноменология автор мен оқырман арасындағы байланысқа айрықша назар аударады. Автор – шығармашылық сананың өкілі, ал оқырман қабылдаушы сана өкілі ретінде қарастырылады. Сонымен, егер көркем туынды авторлық сананың феномені ретінде зерделенетін болса, онда автордың санасындағы әлем мен оның көркем шығармашылық процеске тигізер әсері зерттеушілердің назарын алдымен аударуға тиіс. Көркем әдеби шығарманың табиғатындағы автор сана-сезімінің орны талқыға түсіп, мәні анықталғанда ғана ғылыми негізді тұжырым жасауға болады.

Тоғызыншы дәрісте сөз еткен рецептивті эстетика автор мен оқырман арасындағы байланысты зерделейді. Рецепция – қабылдау деген сөз. Аталмыш мәселені зерттеген ғалымдар өнер туындысын қабылдаушының, яғни көрермен мен тыңдарманның не болмаса оқырманның тұлғасына, оның әлеуметтік қызметіне ерекше назар аударды. Осының негізінде көркем шығармашылықты қабылдау принциптері тұрғысынан қарастыратын ғылыми теориялық концепция пайда болды. Шығарманың оқырманға әсері, қабылдау процесіне қатысатын бірліктер, оқырманның түрлері, олардың деңгейі сынды мәселелерге рецептивті эстетика ең алдымен назар аударады. Дәл осылай зерделенгенде ғана көркем өнердің табиғатындағы бұған дейінгі белгісіз боп келген көптеген құпиялар ашылады деп есептейді.

Әдебиет пен этиканың байланысы өте күшті. Себебі философиядағы этика зерделейтін мәселелердің бәрі де көркем мәтінде, әдеби туындыларда жан-жақты ашылып, толыққанды көрініс табады деуге болады. Адамның мінез-құлқы, әдеп-ибасы, құндылықтар жүйесі секілді мәселелерді көркем әдебиет айналып өте алмайды. Адамгершілік қағидалары айқын көрініс тауып, бақыт және өмірдің мәні туралы көзқарастар жүйесі көркем мәтінде жан-жақты ашылады.

Постструктурализм XX ғасырдың 70-ші жылдарында Францияда қалыптасты. Оның іргесін қалаған ғалымдар ретінде француздың Ж. Лиотар, Ж. Делез, Ж. Деррида сынды философтарының есімдері аталады. Ол өзіне дейінгі структурализмнің басты тұжырымдарын сын тезіне алып, оның шектеулерінен арылуға бағытталған ағым ретінде белгілі. Постструктуралистер үшін мәдениет дегеніміздің өзі мәтіндердің өзара үйлесім табуы. Деррида лингвистикадағы жазбаша мәтіннен бұрын дыбыстық сөйлеудің алдымен назарға алынатынын қабылдамайды. Оның ойынша, аталған екі түрлі сөз формасы да мәтін ретінде қабылдануы керек. Әсіресе, мәтіннің шешендік қырларына ерекше басымдық берген дұрыс. Сонымен бірге, оқырманға да «мән беруші, мән үстеуші» бола алу мүмкіндігі берілуі керек. Ал бұл дәстүрлі жүйедегі авторға берілетін құқықпен бірдей. Тіпті кейде автордың өзі аша алмаған кейбір астарлы мәнді оқырман ашуға құқылы болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, мына әлемнің өзі мәдениеттің идеологиялық жазба түріндегі мәтіндер жинағы болып шығады. Адамның санасы да мәтіндер жиынтығы. Өз кезегінде біз әлемді санамыз арқылы қабылдайтын болсақ, осы әлемнің өз шегі мен шеті жоқ мәтіндер болпы саналады екен.

Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық теориясының әдебиетке тигізген ықпалы орасан. Ол психологизмнің қалыптасуына түрткі болды. Әдебиетте жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы сынды жайттарды көркемдік назарға алатын психологизм шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам санасындағы сапалы өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік



құбылыстарды тереңдете талдады. Жалпы, кейіпкердің ішкі әлемін танытудың екі түрді амал-әдісі бар. Бірі – сырттай, бірі – іштей. Біріншісінде жазушы кейіпкердің ойы, елесі, өз-өзімен сөйлесуі, өз болмысын қайта сарапқа салуы, сана ағысы, түс көруі, күнделік жазбалары, естеліктері мен хаттары, қиялы сынды мәселелерге ерекше назар аударады. Екіншісінде жазушы кейіпкердің сыртқы әлеміне, атап айтқанда, пейзажға, сөйлеу мәнері мен бет-әлпетінің қимыл-қозғалысына, жестикуляциясы мен жүріс-тұрысына, портреттік сипаттамасы мен киім киісіне, тіпті үй ішіндегі кішкентай заттарға да көңіл аударып, мән үстеуі мүмкін.

Әдебиеттану ғылымында марстік идеялардың орнығып, арнайы жүйесі қалыптасқаны белгілі. Егер біз әдебиетті осы идея асянда түсіндіретін болсақ, қоғамды алға жетелейтін тек экономика болып шығады. Бәрі де осы экономикалық факторлардың себебімен өзгеріске ұшырайды. Ол әдебиетке де әсер етпей қоймайды екен. Осы экономикалық факторлар қоғамдағы базис қызметін атқарады да, қалған барлық мәдени-рухани құбылыстардың бәрі де осы қондырманың үстіне құрылады. Маркстік эстетика – диалектикалық-материалистік философияның негізінде жасалған өнердің теориялық концепциясы.

Өз бастауын марксизмнен алған сыни теория қазіргі қоғамның идеологиялық шындығы мен ондағы адамның орнын анықтауға көп үлес қосты. «Бір өлшемді адам», соның негізінде қалыптасатын «бір өлшемді қоғам» ұғымдары әдебиетті саяси-әлеуметтік дискурс тұрғысынан талдауда ерекше пайдалы болатыны шүбәсіз.

Әдебиет пен тарихтың мәселелерін қатар алып қарастыруды көздейтін әдебиетшілер қашанда болған. Олар әдеби мәтіндердің шынайы табиғатын тану үшін тарихтың, тарих ғылымының жетістіктеріне жүгінеді. Осы орайда, әдебиеттегі тарихилық және көркем шындық пен тарихи шындық мәселелері алға шығады.

Әдебиеттегі феминистік бағыт соңғы жылдары айрықша ықпалды бола түсті. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан басталған феминистік зерттеулер әдеби мәтіндердегі маскулиндік мәдениеттің стереотиптерін әшкерелеуді көздейді. Бұл бағыттағы зерттеушілер көркем әдебиеттегі құндылықтар жүйесінің бәрін дерлік тек ерлердің көзқарастар жүйесі негізінде жазылғанын және әйелдерге олардың үнемі үстемдік етіп келетінін таратып түсіндіруді мақсат етеді. Сонымен бірге, феминистік әдебиеттанудың назарда ұстайтын ең маңызды мәселелерінің қатарына әйел кісінің өзіне ғана тән жазу мәнері мен машығын анықтау да кіреді.

Этникалық зерттеулер жекелеген халықтардың ұлттық даралығын, олардың мәдени келбетін, рухани бейт-бейнесін танытуды мақсат тұтса, байырғы және трансұлттық зерттеулерде де осы мәселелер назардан тыс қалмайды. Байырғы халықтардың әдебиеті отарлаушылардың тигізген әсері тұрғысынан және олардың өзіндік бірегейлігі аясында ашылады. Ал трансұлттық зерттеулер гибридік, фрагментті бірегейлік, тілдік және мәдени кодтардың плюрализмі, экстерриториялылық және билингвизм сынды ұғым-түсініктерді назарда ұстайды. Трансұлттық теорияның жақтаушылары әдеби туындыны тек бір ғана ұлт мәдениетімен ұштастыра отырып зерттемейді. Оның мәнін терең ашып беру үшін бір емес, бірнеше мәдени-өркениеттік және рухани-идеологиялық құбылыстардың ерекшеліктеріне жүгінуді жөн көреді.

Постколониализм теориясы отаршылдықтан кейінгі зерттеулерге жол ашты. Дискурстық талдауды, гендерлік теория мен мәдени зерттеулерді және медиа саласындағы ғылыми ізденістерді қамтитын аталмыш бағыт отаршылықтың зардабын тартып, бодандықтың қамытын киген елдердің мәдени-психологиялық бітімін ашып беруді көздейді. Отаршылықтан қалған рухани дерттер мен стереотиптердің шынайы үлгілерін таныту үшін ғалымдар әдебиетке соқпай өте алмайды екен.

Адам баласының білім мен ақпаратты қабылдауы, оны қайта өңдеу үдерістері талданып, өзіндік ерекшеліктері сараланатын когнитивті әдебиеттану ғылымы көркем шығарманы нейроғылыми үдерістермен ұштастыра отырып талдайды.

Әдебиетті эволюциялық теориясы аясында талдау, әсіресе, мәдени зерттеулерге қан жүгіртіп, аса маңызды ғылыми жаңалықтардың ашылуына сеп болды. Адамның дене бітімімен, оның ішкі ахлақтық әлемімен сабақтастыра отырып қарастыру адам болмысын басқа қырынан тануға мүмкіндік берді. Адам демекші, әдебиеттің өзегінде адамның болмысы, оның тұлғасы, ішкі және тысқы әлемі жатыр. Жануарлар мен бұйымдар, орындар мен жалпы заттық әлем әдебиетте ерекше орын алады. Өйткені олар адам көңіл күйін дәл танытып, эстетикалық-поэтикалық мән арқалап тұрады.



Жалпы жиырма бес дәрістен тұратын курсымызды қысқаша шолып өткенде осындай мәселелер көзге түседі. Біздің ойымызша, сіз әдебиеттің, әдебиеттану ғылымының қазіргі заманғы басты-басты үрдістерімен таныс болдыңыздар. Мұның бәрі әдебиеттің теориясын терең түсінуге, көркем шығарманы жан-жақты талдай білуге сеп болары сөзсіз.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Әдебиеттану ғылымының басты арналарын санамалап беріңіз. Оның жанама салалары туралы не білесіз?
2. Мазмұннан түрді жоғары қоятын мектеп өкілдері қалай аталды? Олардың шығарманы талдау принциптері туралы айтып беріңіз.
3. Шығарманың оқырманға әсері, оның қабылдануы мәселесін қарастыратын әдебиеттанудың арнаулы саласы қалай аталады?
4. Психоаналитикалық тұрғыдан талдаған кезде шығармадағы қандай детальдарға көп мән беріледі?

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қабдолов Зейнолла. Сөз өнері: Оқулық-монография / Қабдолов Зейнолла. – Алматы: Санат, 2007. – 2007. – 360 б.
2. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О.Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
3. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.
4. Темирболат А. Поэтика литературы: Учебное пособие / Темирболат А.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 168 б.